



# ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 19/611

10 мая 2019 года

## Вестник

### ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН ! С ДНЁМ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ !

**ҚҰРМЕТТІ  
ҰЛЫ ЖЕҢІС АРДАГЕРЛЕРІ,  
ОТАНДАСТАР!**

Сіздерді бүгінгі қасиетті де қастерлі мереке – Ұлы Жеңіс күнімен құттықтаймыз!

Ұлы Жеңіс аға ұрпақтың сол ұлы ерлігін мәңгілік ел жадында сақтауға арналған ең қастерлі мереке. Сондықтан Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында сол жеңісті жақындатқан барша ардагер ағаларымыз бен аналарымыздың алдында бүгінгі ұрпақ атынан басымызды иіп, құрмет тұтамыз!

Жеңіс мерекесі - Отанымыздың абыройы мен тәуелсіздігі үшін қанды ұрыстардағы ержүрек халқымыздың өшпес ерліктерін күллі әлемге паш еткен мереке.

Біз есімдері тарихтың бетінен мәңгі өшпейтін аға буын алдында өлшеусіз қарыздармыз. Отты жылдары Қазақстаннан миллионнан астам жерлесіміз майданға аттанып, жартысынан көбі үйлеріне оралмады. Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында біз Отан соғысының оқ бораған даласында қаза тапқандардың рухтарына бас иіп, тағзым етеміз.

Осы мерекеде Сіздерге зор денсаулық, ұзақ өмір, құт-береке, туғандарыңыз бен жақындарыңызға бақыт тілеймін! Аспанымыз ашық, бейбіт өміріміз баянды болсын.


Ізгі тілекпен,

Қала әкімі

Мәслихат хатшысы

Қ.Камзин

Б.Сәрсембеков



**УВАЖАЕМЫЕ  
ВETERАНЫ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ,  
СООТЕЧЕСТВЕННИКИ !**

Примите тёплые и сердечные поздравления с самым торжественным и почитаемым праздником – Великой Победы!

Несмотря на то, что прошло уже немало лет, Великий Подвиг бессмертен и в каждой семье есть свои герои и своя память о тех главных днях для нашей страны. Победа была так давно... Сменились поколения, мы стали взрослыми, и теперь пришел наш черед стоять на страже мира и заботиться о том, чтобы он был благополучным!

С искренним, сыновним почтением преклоняем мы перед ветеранами колени. Та дорога, по которой мы идем, выложена и выстрадана их подвигом, во имя нашего светлого будущего.

В этот день, памятный и для всех вас, и для нас, хочется еще раз выразить огромную благодарность и как же хочется от всей души пожелать мира и тепла каждому дому.

Сказать спасибо, за наш светлый мир вокруг, за нашу свободу, за Вашу победу!

Позвольте пожелать Вам крепкого здоровья, долгих лет и заслуженного счастья!

С наилучшими пожеланиями,

Акима города

Секретарь маслихата

Қ.Камзин

Б.Сәрсембеков

### ОТАН ҚОРҒАУШЫ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН !

**ҚҰРМЕТТІ, ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫ  
ЖӘНЕ ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР!**

Сіздерді 7 мамыр – Отан қорғаушылар мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Аға ұрпақ пен жас буынның Отанымызды қорғап, қызметте айтулы үлес қосқанын біз әрқашанда мақтан тұтамыз. Азаматтардың бойындағы отансүйгіштік рухы Отан алдындағы борышын өтеуді ең қастерлі міндеттердің біріне айналдырды.

Ел халқына шат-шадыман күлкі мен тыныш өмір сыйлауда әскеріміздің атқарып жатқан қызметтері ұшан-теңіз.

Отанға адал, елге қайырымды, отбасына мейірімді болыңыздар. Жүректеріңіз оттай лаулап, жандарыңыз әрдайым жас болсын. Қайратты, мақсатты болыңыздар. Еңбекте табыс, тілейміз.

Сіздерді бүгінгі мерекелеріңізбен құттықтай отырып, зор денсаулық, қажымас қайрат, жаңұяларыңызға бақыт пен шаттық тілейміз!

Құрметпен,

Қала әкімі

Мәслихат хатшысы

Қ.Камзин

Б.Сәрсембеков

### С ДНЁМ ЗАЩИТНИКА ОТЕЧЕСТВА !

**УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА И  
ВОЕННОСЛУЖАЩИЕ!**

От всей души поздравляем вас с 7 мая – Днем защитника Отечества!

Мы всегда гордимся тем, что старшее поколение и молодое поколение защищали свою Родину и внесли достойный вклад в развитие нашей страны. Это - день памяти тем, кто отстаивал независимость нашей Родины на протяжении всей ее истории. В то же время мы чествуем и тех, кто сегодня несет службу в воинских подразделениях.

Служба в армии стала настоящей школой мужества и патриотизма для сотен тысяч молодых людей.

Уважаемые военнослужащие, сердечно поздравляем вас с замечательным праздником мужества и стойкости – Днем защитника Отечества.

Желаем вам и вашим близким доброго здоровья, счастья и благополучия!

С уважением,

Акима города

Секретарь маслихата

Қ.Камзин

Б.Сәрсембеков

### ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ



Бүгінгі таңда Ұлы Жеңістің 74 жылдығына да еліміз қадам басты. Еліміздің әр аймағында осынау атаулы күнді қарсы алу, Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан

ерлеріміздің есімдерін ұлықтап, еске түсіру, олардың әруақтарына құран бағыштау секілді құрмет көрсету шаралары ұйымдастырылуда. Приозерск қаласының әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин бастаған топ «Ер есімі – ел есінде» деген ғибратты сөзді жадынан шығармай, қаламызда Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жерлестеріміздің құрметіне қойылған ескерткіш белгі басына барып, боздақарымызға арнап гүл шоқтарын қою рәсімін жасады.

Аталмыш шараға «Нұр Отан» партиясы Приозерск қалалық филиалы тарапынан бірінші орынбасары Дулат Орынбасарұлы Дүйсембаев, Қазақстан Республикасы

Қарулы Күштерінің Приозерск әскери гарнизонының бастығы және Ресей Федерациясы Қарулы Күштері Сары-Шаған поли-



гонының командирі, әскери қызметкерлері, қала тұрғындары мен дін өкілдері қатысып, қан майдан даласында қаза болғандарды бір

### 9-МАМЫР – ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІ

минут тыныштық сақтап еске алды.

Бұдан соң қала әкімі, «Нұр Отан» партиясы қалалық филиалының төрағасы Қ.А.Камзин және оның партиялық қызмет бойынша бірінші орынбасары Д.О.Дүйсембаевтер қалада тұрып жатқан тыл ардагерлерінің үйлеріне барып, оларды төл мерекелерімен құттықтады. Ұлы Жеңіс күніне арналған мерекелік шара түстен кейін спорттық жарыстармен және кеш батқасын қаладағы мерекелік алаңда қала өнерпаздарының қатысуында өткен концерттік бағдарламамен жалғасын тапты. Кешкі мерекелік серуенге қала тұрғындары, жастар өкілдері көптеп атсалысты.

Н.ҚЫДЫРМҰРАТУЛЫ.



## «МӘНГІЛІК ПОЛК» АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА

## БАТЫРЛАРҒА ТАҒЫМ

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы неміс-фашист басқыншыларымен болған, төрт жылға жуық уақытқа созылған қан майданға біздің қазақ елінен де батыр да, батыл, ержүрек те, қайсар ұлдарымыз бен қыздарымыз қатысып, жартысынан астамы елге оралмады. Жер бетіндегі адамзат баласына зор зұлмат пен ауыр қайғы әкелген екінші дүниежүзілік алапат соғыстың сол кездегі кеңес үкіметіне қарасты елдермен қатар қазақстандықтарға да үлкен қасірет шектіргенін ұрпақтар жадынан шығармау мақсатында биыл бесінші рет «Мәңгілік полк» акциясы аясында «Батырларға тағым» шеруі 8-мамыр күні біздің қаламызда болып өтті. Аталған шарада Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пидә еткен, туған-туыстарына, жақын-жарандарына, туған жері, өскен мекеніне оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл ел-жұрт болып еске түсіруді мақсат етті. Осы сәтте қаланың мерекелік шаралар өтетін алаңында орналасқан мінберден Ұлы Отан соғысы жылдары туызған «Был месяц май», «Журавли», «Беларусский вокзал» маршрутары мен әндері ойналып тұрды.

дуллин, Хиуаз Доспанова, шығыстың қос жұлдызы – Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметовалар, Рахымжан Қошқарбаев тағы басқа да әлемге аттары танымал батыр қандастарымызбен бірге кешеге дейін қаламызда бізбен қатар өмір сүрген жерлестеріміз – Аймереке Көбеева, Иван Морозов, Иван Карташов, Орынбай Унтаков, Балтабай Махамбетшин және Василий Зябчуктардың суреттері болды.

Шеруге қатысушылар алаңға сап түзгеннен кейін, атақты диктор Левитанның 1941-жылдың 22-маусымының таңында неміс-фашист басқыншылары тарапынан басталған басып алу мақсатында ашқан әділетсіз соғыс туралы қаралы оқиғаны радио торабы арқылы хабарлаған дауысы берілді. Одан әрі бас-аяғы төрт жылға жуық жалғасқан, яғни 1418 күнге созылған соғыстағы халқымыздың батыр ұл-қыздарының ерен ерліктері жұртшылыққа жария етілді. Бұл алапат соғыста дүниежүзіндегі алпысқа жуық елден 120 миллиондай адам солдат шинелін киіп, қолына қару ұстаған. Мұндай қиямет-қайым соғыс адамзат баласының тарихында бұрын-соңды бол-

туыскандарына, отбасына оралмай қалған бозақтарды, қаһарман жандарды бүкіл елі болып еске алатын күн. Ел басына күн туған шақта ер-азаматтар қолдарына қару алып, ел қорғауға аттанды. Олар – ең алдымен ұлты, халқы, елі мен жері үшін жанын құрбан еткен жандар. Жыл өткен сайын қатары

рына құрмет көрсетіліп, олардың ерліктері мен батырлықтары еске алынды. Аға ұрпақ алып берген Ұлы Жеңіс бүгінгі күні де бізді жеңістерге жетелейді, жетістіктерге жігерлендіреді, жанымызға қуат береді, қиындықтарды жеңіп, алға ұмтылуға көмектеседі. «Әруақ разы болмай, тірі байымас»



«Батырларға тағым» шеруінің басында жас жеткіншектер тобы көш бастап, қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзиннің бастауымен қаладағы кәсіпорын, мекеме, мектептер мен балабақшалар, денсаулық сақтау саласы қызметкерлері, ардагерлер кеңесі, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы Қарулы күштерінің әскери бөлімдері мен мектеп оқушылары, қала тұрғындары шеруге қатысты. Мамыр айының жаймашуақ күнінде түрлі-түсті киініп, қызылды-жасылды гүлдер мен шарлар ұстаған шеру қатысушылары қан майданда қаза тапқан жерлестеріміз бен туған-туыстарымыздың жарқын бейнелерін еске алу мақсатында батыр ата-әжелеріміздің портреттерін көтеріп келе жатты. Олардың арасында қазақ халқының батыр ұл-қыздары Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Қасым Қайсенов, Мәлік Ғаб-

маған еді. Аталған соғыста қаншама миллион адамдың қаны төгіліп, қыршынынан қиылды. Бұл қанды қырғынға Қазақстанның өзінен 1 миллион 366 мың адам қатысқан. Өкінішке қарай оның дерлік бәрі майданнан қайта оралмаған. Осынау майданда 27 миллионнан астам кеңес жауынгерлері қаза тапты. Соның ішінде 410 мыңы қазақстандықтар болатын. 558 қазақстандық Кеңес Одағының батыры атағына ие болса, оның ішінде қазақ азаматтары да көп еді.

Бүгінгі таңда Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 74 жыл толып отыр. Бұл сол кездегі кеңес Одағы халқының ержүректігі мен төзімділігін паш ететін, тарих беттерінде мәңгілік қалатын күн. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін, онда тұратын халықтардың азаттығы мен бейбіт өмірі үшін жанын пидә еткен, туған жеріне,

кеміп бара жатқан майдангер ата-әжелеріміздің есімдері ұмытылмай, келер ұрпақтың жадында мәңгі жатталып қалуы тиіс. Бұл қиян-кескі соғыс ешкімді бей-жай қалдырмағаны бүгінде бізге аян. Еңкейген қарттан бастап, еңбектеген балаға шейін зардабын тигізген осынау соғыста басқыншы жаудың қабырғасын қаусатып, жеңіске жетуге әлі бұғанасы қатып үлгермеген бала мен бозбала да қал-кадерінше өз үлестерін қосуға ұмтылды. Бұған дәлел – Володя Казьмин, Юра Жданко, Леня Голиков, Марат Казей, Лара Михеенко, Валя Котик, Таня Морозова, Витя Коробков, Зина Портнова т.б. қыздар мен жігіттердің ұрыс даласында, партизандық қозғалыстарды ерлік көрсетуі болатын. Олардың арасынан Марат Казей, Валя Котик, Леня Голиков және Зина Портновалар Кеңес Одағының батыры атағына ие болды. Ұлы Отан соғысы жылдарында майдан тылында да жеңісті күнге тезірек қол жеткізуге қарттар мен балалар, әйелдер мен аналар еңбек майданында үлес қосты.

Аталар мен әжелеріміздің майдандағы ерліктері ұрпаққа – ұлағат, үлгі-өнеге, олар болашақ ұрпақтар үшін нағыз отансүйгіштіктің, Отан қорғау мен патриотизмнің жарқын үлгісі болып қала бермек. «Батырларға тағым» акциясында соғыс және тыл ардагерлеріне, Кеңес Одағының батырла-

деген қазақ халқының даналығына орай, шеру соңына қарай қатысушылар Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан жауынгерлердің рухына тағым етіп, бір минут үнсіздік сақтап еске алу рәсімін жасады. Отан қорғаушылар жасаған ерлік пен батырлық, қайсарлық пен табандылық, Отанға деген адалдық пен жанқиярлық мәңгілік жадымызда қалады және ол уақыт



ағысымен жоғалып кетпейді. Ұлы Жеңіс қарсаңында біз Отан соғысының оқ бораған даласында қаза тапқандардың рухына басымызды иіп, тағым етеміз! Акцияның ақырында ержүрек, батыр ата-әжелеріміздің құрметіне мамыр айының отпашуы іспетті түрлі-түсті шарлар көк зеңгір аспанға ұшырылды. Ешкім ұмытылмайды, ештеңе ұмыт болмайды!..

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

## ОТАНДЫ ҚОРҒАУ - АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗ

«Приозерск қалалық кітапханасы» КММ-нің балалар бөлімінде кітапханашы К.Т.Курманбекова 2019 жылдың 4 мамырында «Отан қорғау-азаматтық парыз» атты Отан қорғаушылар күніне орай 7-8 сыныптар аралығында диспут ұйымдастырды. Пікірталастың мақсаты: оқырмандардың бойында ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу, Отанды сүйге, елін қорғай білуге тәрбиелеу. Өз ойын толық жеткізе білуге, шешендікке баулу.

Отан қорғаушылар күні Отан үшін отқа да, суға да түскен ер азаматтарға арналған. Осы мерекеге орай жыл сайын еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі іс-шаралар мен шерулер ұйымдастырылады. Ал пікірталас барысында оқырмандарымыз сұраққа белсенді жауап беріп, диспутты одан әрі қыздыра түсті. Қатысушыларға



мерекенің тарихынан мағлұмат беретін презентация көрсетіліп, назарларына

тақырыптық көрмемен қоса жаңадан келіп түскен кітаптар да ұсынылды.

## 7-мамыр – Отан қорғаушылар күні

Осынау айтулы мерекенің қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны, абзал азаматтарға алғыс пен құрмет ешқашан сөнбейді, ал Отан қорғау жолында жүрген азаматтар қашанда өз ісіне адал, нағыз патриот. Оны дәріптеп жас ұрпаққа жеткізу тек біздің міндетіміз. «Отан қорғау-азаматтық парыз» демекші, бар өмірін әскери іске арнап, өз қызметін мінсіз атқарып келе жатқан жауынгер аға-апаларымызға алғысымыз шексіз!

Азаматтар несі төріміздің,  
Байтақ жатқан кен дала еліміздің  
Аттан түспей аман-сау жүре берсін,  
Шетінен жау кіргізбей жеріміздің!

Майра Айтжанова,  
«Приозерск қалалық кітапханасы»  
КММ-нің библиографы





**ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА**

\*\*\*

**К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ**

**ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ  
2018 ЖЫЛҒЫ 9 ҚАРАШАДАҒЫ №1  
«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНДА  
САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІН  
ҚҰРУ ТУРАЛЫ»  
ШЕШІМІНЕ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ  
ТУРАЛЫ**

Приозерск қаласы әкімінің  
2019 жылғы 03 мамырдағы № 2 шешімі  
Қарағанды облысы Әділет департаментінде  
2019 жылдың 04 мамырында № 5314 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Приозерск қаласының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Приозерск қаласы әкімінің 2018 жылғы 9 қарашадағы № 1 «Приозерск қаласында сайлау учаскелерін құру туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5006 болып тіркелген, 2018 жылдың 4 желтоқсанында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне электрондық түрде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған шешімінің қосымшасы осы шешімінің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала әкімі аппаратының басшысы А.Н. Исатаева жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімінің міндетін атқарушысы Д. Сәденов

Приозерск қаласы әкімінің  
2019 ж. «\_\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_ шешіміне қосымша

Приозерск қаласы әкімінің  
2018 жылғы 9 қарашадағы № 1  
«Приозерск қаласында  
сайлау учаскелерін  
құру туралы»  
шешіміне қосымша

**ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ БОЙЫНША  
САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІ**

**№ 257  
САЙЛАУ УЧАСКЕСІ**

Орталығы: «Приозерск қаласының орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Транспортная көшесі, 17 үй.

Шекаралары:

Бастау көшесі, Сарыарқа көшесі, Наурыз көшесі, Көкжиек көшесі, Алаш көшесі, Тұмар көшесі, Қоржынтүбек көшесі, Ынтымақ көшесі, Ақмамық көшесі, Шұғыла көшесі, Көктеңіз көшесі, Керуен көшесі, Бірлік көшесі, Транспортная көшесі, Тәуелсіздік көшесі, Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің «44841 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі, Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің «06708 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі.

**№ 258  
САЙЛАУ УЧАСКЕСІ**

Орталығы: «Приозерск қаласының №2 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Достық көшесі, 20 үй.

Шекаралары:

Абая көшесі, № 2, 3, 4, 6, 7, 9, 11, 14, 15/1, 17/3, 23/3, 25/2 үйлері;  
Ағыбай батыр көшесі, № 2, 3, 4, 5, 6, 8, 17 үйлері;  
Бәйтерек көшесі, № 1, 2, 4, 6, 8, 10 үйлері;  
Жеңіс бульвары, № 9, 14, 28, 30, 34, 36, 38А үйлері;  
Достық көшесі, № 7, 11, 16, 16/2, 16/3, 18/2, 21, 25, 26, 29 үйлері;  
Рақымжан Қошқарбаев көшесі, № 7/1, 7/2, 9 үйлері;  
Пушкин көшесі, № 5, 6, 9/3, 13 үйлері;  
Бауыржан Момышұлы көшесі, № 3, 5, 5/2, 12/1, 12/2, 14/1 үйлері.

**№ 259  
САЙЛАУ УЧАСКЕСІ**

Орталығы: «Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Кисунько көшесі, 11 «А» үй.

Шекаралары:

Панфилов көшесі, 7/1 үйі;  
Балқаш көшесі, № 7/2, 12/1 үйлері;  
Гвардейская көшесі, № 2, 8/4, 10, 12 үйлері;  
Кисунько көшесі, № 1, 1А, 1Б, 13/1, 13/2, 13/3, 15/1, 15/2, 15/3 үйлері;  
Дорохов көшесі, 4/2 үйі.

**№ 260  
САЙЛАУ УЧАСКЕСІ**

Орталығы: «Приозерск қаласының «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Космонавтов көшесі, 2 үй.

Шекаралары:

Дружбы народов көшесі, № 2, 4/1, 4/2, 4/3 үйлері;  
Космонавтов көшесі, № 1, 1/2, 3, 3/2, 5, 7/2, 9/1, 9/2 үйлері;  
Кисунько көшесі, № 2/2, 4/1, 4/2 үйлері;  
Балқаш көшесі, № 2, 2/2 үйлері.

**О ВНЕСЕНИИ ИЗМЕНЕНИЯ  
В РЕШЕНИЕ АКИМА ГОРОДА  
ПРИОЗЕРСК  
ОТ 9 НОЯБРЯ 2018 ГОДА № 1  
«ОБ ОБРАЗОВАНИИ  
ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ УЧАСТКОВ  
В ГОРОДЕ ПРИОЗЕРСК»**

Решение акима города Приозерск  
от 03 мая 2019 года № 2  
Зарегистрировано в Департаменте юстиции Карагандинской области  
04 мая 2019 года за № 5314

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», аким города Приозерск **РЕШИЛ:**

1. Внести в решение акима города Приозерск от 9 ноября 2018 года № 1 «Об образовании избирательных участков в городе Приозерск» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 5006, опубликовано в Эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде 4 декабря 2018 года) следующее изменение:

приложение к указанному решению изложить в новой редакции согласно приложению к настоящему решению.

2. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на руководителя аппарата акима города Исатаева А.Н.

3. Настоящее решение вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

Исполняющий обязанности акима города Д. Сәденов

Приложение к решению  
акима города Приозерск  
№ \_\_\_ от «\_\_\_» \_\_\_ 2019 года

Приложение к решению  
акима города Приозерск  
от 9 ноября 2018 года № 1  
«Об образовании  
избирательных участков в  
городе Приозерск»

**ИЗБИРАТЕЛЬНЫЕ УЧАСТКИ  
ПО ГОРОДУ ПРИОЗЕРСК**

**ИЗБИРАТЕЛЬНЫЙ УЧАСТОК  
№ 257**

Центр: Коммунальное государственное предприятие «Центральная больница города Приозерск», улица Транспортная, дом 17.

Границы:

улица Бастау, улица Сарыарқа, улица Наурыз, улица Көкжиек, улица Алаш, улица Тұмар, улица Қоржынтүбек, улица Ынтымақ, улица Ақмамық, улица Шұғыла, улица Көктөңіз, улица Керуен, улица Бірлік, улица Транспортная, улица Тәуелсіздік, Республиканское государственное учреждение «Войсковая часть 44841» Министерства обороны Республики Казахстан, Республиканское государственное учреждение «Войсковая часть 06708» Министерства обороны Республики Казахстан.

**ИЗБИРАТЕЛЬНЫЙ УЧАСТОК  
№ 258**

Центр: Коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная школа № 2 города Приозерск», улица Достық, дом 20.

Границы:

улица Абая, дома № 2, 3, 4, 6, 7, 9, 11, 14, 15/1, 17/3, 23/3, 25/2;  
улица Ағыбай батыра, дома № 2, 3, 4, 5, 6, 8, 17;  
улица Бәйтерек, дома № 1, 2, 4, 6, 8, 10;  
бульвар Жеңіс, дома № 9, 14, 28, 30, 34, 36, 38А;  
улица Достық, дома № 7, 11, 16, 16/2, 16/3, 18/2, 21, 25, 26, 29;  
улица Рақымжана Қошқарбаева, дома № 7/1, 7/2, 9;  
улица Пушкина, дома № 5, 6, 9/3, 13;  
улица Бауыржана Момышұлы, дома № 3, 5, 5/2, 12/1, 12/2, 14/1.

**ИЗБИРАТЕЛЬНЫЙ УЧАСТОК  
№ 259**

Центр: Коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная школа № 1 города Приозерск», улица Кисунько, дом 11 «А».

Границы:

улица Панфилова, дом 7/1;  
улица Балхашская, дома № 7/2, 12/1;  
улица Гвардейская, дома № 2, 8/4, 10, 12;  
улица Кисунько, дома № 1, 1А, 1Б, 13/1, 13/2, 13/3, 15/1, 15/2, 15/3;  
улица Дорохова, дом 4/2.

**ИЗБИРАТЕЛЬНЫЙ УЧАСТОК  
№ 260**

Центр: Коммунальное государственное казенное предприятие «Центр детско-юношеского творчества «Достық» города Приозерск», улица Космонавтов, дом 2.

Границы:

улица Дружбы народов, дома № 2, 4/1, 4/2, 4/3;  
улица Космонавтов, дома № 1, 1/2, 3, 3/2, 5, 7/2, 9/1, 9/2;  
улица Кисунько, дома № 2/2, 4/1, 4/2;  
улица Балхашская, дома № 2, 2/2.



Келелі кездесу

Өткенді тану, болашаққа сенім

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – АДАМНЫҢ БІЛІМІ МЕН ӨМІР СҮРУ ТӘСІЛІНІҢ КӨРСЕТКІШІ

Ағымдағы жылдың 4-мамыры күні Мемлекет басшысының 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауын және «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын кеңінен түсіндіру бойынша «Qazaqstan daуігі» ЖШС-нің бас директоры, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қоғам қайраткері Мешітбаева Сәуле Мешітбайқызының, сонымен қатар,

намысшыл, отансүйгіш азаматтарына арналған. Қоғамдық сананы жаңғыртудың басты басымдығы ұлттымыздың жаһандық қоғамдастықта бәсекеге қабілетті болуы екендігі сөзсіз. Бұл ретте өзіміздің бірегейлігімізді, құндылықтарымыз бен дәстүрімізді сақтауға тиіспіз» - деп өз ойын білдірді. Рухани жаңғырудың маңыздылығы, ұлттық сананы жаңғыртудағы халқымыздың әр азаматының рөлі турасында ашық әңгіме айтылды.

2018 жылдың 5 қазанында жарияланған Жолдауда айтылған «Педагогтың статусы» тұрғысында сөз қозғады. Тәуелсіз еліміздің жас жеткіншектеріне сапалы білім мен саналы тәрбие беру ісі ең алдымен мектептегі мұғалімдердің білімі мен біліктілігіне байланысты екендігін тап басып айтты.

Кездесу барысында, 2018 жылдың қараша айында жарияланған «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы ұлттық ұстанымға, әрі санаға қатысты тың серпін беретін міндеттерді қамтып отырғанын, бүгінгі болмысымызды сараптап, болашағымызды бағамдауға арналған мақала екендігін тілге тиек етті.

Сонымен қатар, «Qazaqstan daуігі» газетінің жұмысымен таныстырып, қатысушылардың газет туралы білімдерін кеңейтіп, өз пікірі, ойы қалыптасқан заманымыздың белсенді азаматтары бола білуге шақырды.

Кездесу соңында, газеттің тыныс тіршілігі, Жолдаудың басты бағыттары және бағдарламалық мақалалар бойынша сұрақтар қойылып, тұщымды жауап алынды.

Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі



Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасының ақпараттық саясат және БАҚ мониторингі бөлімінің бас маманы Ляш Нұржан Ағыбайұлының қатысуымен мемлекеттік мекеме қызметкерлері мен білім саласының қызметкерлері арасында кездесу өтті. Сәуле Мешітбайқызы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы турасында: «Рухани жаңғыру – бұл адамның білімі мен өмір сүру тәсілінің көрсеткіші. Ал, азаматтардың рухани байлығы дегенде бірінші кезекте, олардың білімділігі, ана тілін білуі мен мәдени деңгейі, дүниетанымдық ой-өрісі тұрады. Сондықтан да, бұл бағдарламалық мақала еліміздің

## «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ» ТАРИХЫМЫЗҒА ТЕРЕҢ ҮНДІЛҮГЕ ҮНДЕЙДІ

ҚР тұңғыш Президентінің жарияланған «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласы өзінің мазмұны мен мәні жағынан, орындалуы тиіс жобалардың бағыты бойынша шынымен де бір жарым жыл бұрын жарық көрген «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы іспетті.

Өйткені, ұлттық рухани жаңғырту негізгі үш бағыт – ұлттық (мемлекеттік) тіл, ұлттық дәстүрлер мен мәдениет құндылықтары және отандық тарихты жаңғырту негізінде жүргізілуі тиіс. Кез-келген ұлттың қалыптасуы және оның мәдени-генетикалық ділі аталынған түсініктермен тікелей байланысты. Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында тілімізді дамыту үшін латын қарпіне ауыстыру, мәдениетке қолдау көрсету бойынша «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын жария еткен болатын. Енді міне, өткенімізді түгендеп, ескімізді еске алып, болашағымызды айқындау мақсатында «Ұлы дала тарихына» терең үнділуге шақырып отыр.

Әлемнің озық елдерінің мақтан тұтатын тарихи мұрасын мысалға тартқан Елбасы, біздің де тарихымыз тереңде жатқандығын атап өтті. Ежелден қазақ жерін мекендеген саяқ, ғұн және одан кейінгі түркілер сияқты мемлекет құрушы тайпалар ешқайдан келмеген, ешқайда кетпеген автохтонды халық.

Олардың заманында жасалған барлық мәдени-материалдық жәдігерлер мен рухани жетістіктер ешқайдан көшіріліп алынған жоқ, керісінше осында жасалынып, «Халықтардың ұлы қоныс аударуы» кезеңінде жан-жаққа таралды.

Кезінде тарих ғылымында орын алған еурацентристік көзқарас ұлы даланы мекендеген тайпалар этностық тұрғыдан кейінгі көшпелі халыққа еш қатысы жоқ деген ұстаныммен тарихи сабақтастықты есепке алмады.

Сондықтан да, Елбасы төл тарихымызды жаңаша көзқараспен, ой елегінен өткізе отырып, терең зерделеуді ұсынып отыр. Әлемдік мұрағаттардан елімізге қатысты материалдар жинау, Ұлы Даланың ұлы есімдері, түркі әлемінің бесігі, Ұлы Дала өнері, музыкасын зерттеу, оны заманауи бұқара-лық ақпарат құралдары арқылы танымал ету мен жарнамалау да ел имиджін арттыруға септігін тигізеді.

Заманауи әлемде еліміздің озық елдер қатарына еніп, бәсекеге қабілетті болуы тек дамыған технологиялар мен білімге ғана негізделмей, сонымен бірге өткенін танып, мақтан тұтатын және болашаққа сеніммен қарайтын халқымен де танымал болады.

Приозерск қаласының Әділет басқармасы

Қалалық сот өмірінен

## СОТТЫҢ 2019 ЖЫЛДЫҢ 1-ШІ ТОҚСАНЫНДА АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫ ҚОРЫТЫЛАНДЫ

Приозерск қалалық соты бұқаралық ақпараттық құралдарының өкілдерімен 2019 жылдың 1-ші тоқсанын қорытындылау бойынша баспасөз конференциясын өткізді.

Аталған баспасөз конференциясына сот төрағасы Б.А.Адепбеков, кеңсе меңгерушісі Д.А.Сатыбалдин, «Приозерский Вестник» газетінің өкілдері қатысты.

Баспасөз конференциясында Б.А.Адепбеков есептік кезеңнің өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырмалы қорытындысын талқылады.

2019 жылдың 1-тоқсанында Приозерск қалалық сотына 13 қылмыстық іс, 99 өтініш және 1 азаматтық іс, 95 әкімшілік іс және азаматтық істер бойынша қабылданған сот актісін орындау мәселесіне байланысты 257 материал түсті.

2019 жылдың 1 тоқсанында 13 қылмыстық іс қаралды 13 тұлғаға қатысты, үкім шығару арқылы, 6 адамға жаза тағайындалды. Мемлекеттік тілде 7/7 (1/1) іс қаралды. 2019 жылдың 1 тоқсанында орта дәрежеде – 9/9 (5/5), ауыр дәрежеде – 1/1 (3/7), қысқартылған тәртіппен – 9/9 (1/1) қылмыстық іс қаралды.

2019 жылдың 1 тоқсанында 99 өтініш және 1 азаматтық іс және 257 материал түсті. Азаматтық істер бойынша 97 іс қаралды, оның

ішінде 27 іс бойынша шешім шығарылды, 33 іс бойынша сот бұйрығы шығарылды, 31 іс қысқартылды, оның 30 медиация тәртібімен, 6 іс қараусыз қалдырылды. Азаматтық істер бойынша қабылданған сот актілерін орындауға қатысты 257 материал қаралды.

2019 жылдың 1 тоқсанында аудандық сотқа 95 әкімшілік материалдар түсті, 96 іс қаралды, оның ішінде 40 тұлғаға 1 623 573 тенгеге айыппұл салынды, оның ішінде өз еркімен 777 850 тенге төленді, 1 тұлғаға ескерту жасалды, 24 адам әр-түрлі мерзімге әкімшілік тәулікке қамауға алынған, 11 адам автокөлік басқару құқығынан айырылды, мемлекеттік шенберінен шығару – 1, 18 іс қысқартылды, /1 іс біртүрлілігімен қаралды/. Мемлекет тілінде 40 материал қаралды, 62 әкімшілік іс бойынша халықаралық шарттар қолданып қаралды, 10 іс бойынша медиация қолданылды.

Сонымен қатар, БАҚ-өкілдеріне сотқа жеткізбей дауларды шешу, медиация тәртібімен татуласу мүмкіншіліктері туралы тұрақты түрде түсіндіру жұмыстары жүргізіліп отыратыны айтылды.

Қатысып отырған БАҚ өкілдерінің қойған сұрақтарына толықтай жауап берілді.

Приозерск қалалық сотының баспасөз қызметі

Психологиялық тренинг

## КРЕАТИВТІЛІК

Жаңа 2019 жыл қазақстандықтар үшін ерекше жыл, өйткені Елбасымыздың Н.Ә.Назарбаевтың өткен жылғы 5 қазандағы Жолдауында оны Жастар жылы деп жариялаған болатын. Елбасы жастардың бүгінгі мен болашағына қамқорлық жасауды өз саясатының негізі мәні деп санайды. Ол жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауларында жастар саясатын жетілдіру бойынша іргелі тапсырмалар беріп жүргені белгілі, өйткені жастар қоғамның бір бөлігі ретінде мемлекетке маңызды рөл атқарады. Соған байланысты өзінің республика жастарымен көптеген кездесулерінде Н.Ә.Назарбаев: «Әр адамның бойына жұмыс істей білу, оқып-үйрену білу, өмір сүре білу, қазіргі әлемде өмір сүре білу қасиетін сіңіру керек», - деп жиі ескертеді.

Осыған орай жастарға жаңа жұмыс жолында қолдау көрсету мақсатында Приозерск қаласы «Айналайын» бөбекжайында жас мамандарға арналған «Креативтілік» тақырыбында психологиялық тренинг ұйымдастырылды. Тренинг мақсаты, ол бірегейлікті, ұшқырлық пен ойлау қабілетінің жан-жақтылығын дамыту, шығармашылық ойлауды үйрету болды.

Креативтілік – заманауи қоғамда ұтқырлықты, коммуникабельділікті және көпмәдениетті режимде жұмыс істеу қабілетін бағалайтын сапа.

- Егер креативті ойлау қабілеті жақсы дамыған болса, бұл тұлғаның қандай артықшылықтары бар?

- Біріншіден, күйзеліске төзімділіктің артуы; екіншіден, креативтілік уақытты үнемдейді; үшіншіден, шығармашылық ойлау жаңа немесе жақсы ұмытылған ескі нәрселерді жасауға мүмкіндік береді; креативтілікті дамытудың төртінші себебі – өзін-өзі бағалау

сияқты ресурсты құру «мен мұны жақсы және тез жасай аламын» деген құрылым түрінде мықты платформа жасайды. Өз күшіне сенім білдіре отырып, әркім өзінің жеке және кәсіби өсуіне ықпал ете отырып, өз мүдделерінің, іскерлігінің, байланыстары мен талаптарының аясын кеңейте алады.

Тренинг барысында әртүрлі ойын, ситуациялық сұрақтар, психологиялық жаттығулар, тапсырмалар орын алды. Олар: «Кіріңіз» жаттығуы, бұл жердегі мақсат: әрекеттің әдеттегі нұсқасы әрқашан жалғыз емес екенін түсінуге көмектесу; «Керемет зауыт» жаттығуы, мақсаты: креативті ойлауды үйрену;

«Телефон номері» ойын, мақсаты: ұжымға креативті ойлауға және өз идеяларын ұсынуға үйрету; «Түрлі бейне» ойыны, мақсаты: қолда бар құралды пайдаланып тез шешім қабылдауға үйрету; «Піл, керік, қолтырауын», мақсаты: ұжымда бірігіп жұмыс жасауға үйрену; «Бізді не байланыстырады» тапсырмасы, мақсаты: топ мүшелерін біріктіру; «Сықырлы қалта» рефлексия, мақсаты: сықырлы қалтадан алған ойыншықты өз отбасымен, өзінің жұмысымен, ұжымымен бірігейлігін, ұқсастығын табу.

Қорытындылай келе, креативтілікті жеке тұлғаның шығармашылық, бірегей емес ойлау қабілетін және ең бастысы – осы ресурсты өз тиімділігін немесе қоршаған ортаның тиімділігін арттыру мақсатында пайдалана білуін көрсететін қасиеті ретінде анықтауға болатынына көз жеткіздік. Жас маманға қолдау көрсету, жаңа ортаға бейімделуіне көмектесу – ол барлық ортаның міндеті.

Х.К. Исакова,  
«Айналайын» бөбекжайы» КМҚК педагог-психологы

## ОБЪЯВЛЕНИЕ \*\*\* ОБЪЯВЛЕНИЕ НЕДВИЖИМОСТЬ

Продаю ДОМ – 9 000 000 тенге.  
Возможен торг.  
г. Караганда, ( город пр. Кольцевой), 3 комн. - 120 м<sup>2</sup>  
Ванна, центральная канализация,  
отопление на твердом топливе.  
Огород 6 сот. Сарай, гараж, хоз.постройки  
Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35

Собственник: ИП Струментов А.В.  
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.  
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-106.  
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)  
E-mail: prz\_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz\_westnik.kz  
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15, Заказ № 19/611. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.  
Технический редактор: Струментов А.В.  
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63  
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz\_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.  
Подписной индекс - 65041  
Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.